

## "2003 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге несие беру туралы"

Сарысу аудандық әкімиятының 2003 жылғы 25 ақпандағы N 14 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 11 сәуірде N 919 тіркелді

Аудан ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріне нақты қаржылық көмек көрсету мақсатында, облыс Әкімиятының 2003 жылғы 11 ақпандағы N 19 "2003 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге несие беру туралы" Қаулысының 1-і қосымшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аталған қаулыға байланысты облыстық бюджеттен бөлінетін 3,0 млн. теңге несие қаржы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының тапсырған тізімі бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне бөлініп берілсін. (1 қосымша)

2. Қоса беріліп отырылған ауыл шаруашылығы жобаларын бюджеттік несиелеу  
Е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

3. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді несиелеу жөніндегі бюджеттік бағдарламаның Әкімшісі болып аудан Әкімінің ауыл шаруашылығы басқармасы  
б е к і т і л с і н .

4. Бюджеттік несие алушылардың өткізген құжаттарын қабылдау, сараптау үшін мынадай құрамда аудандық комиссия құрылсын:

Жангелді Жайлауұлы Омаров - аудан Әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы.

Серік Елемесұлы Тоқаев - аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығы, комиссия төрағасының орынбасары.  
К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

Қанай Әлібекұлы Жүзбаев - аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі. Тайғара Тұяқбаев - аудандық статистика және талдау бөлімінің бастығы

Мейірбек Төленұлы Танакөзов - Сарысу ауданы бойынша салық комитетінің төрағасы

Майра Шарапқызы Сушина - халықтық банкінің Жаңатас филиалының бастығы

Жеңіс Рахымбайұлы Сазанбаев - аудандық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің төрағасы

5. Осы бюджеттік несиені қайтару мерзімі 2003 жылдың 25 қарашасына дейін деп белгіленсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан Әкімінің орынбасары Жангелді Жайлауұлы Омаровқа жүктелсін.

*Сарысу ауданының Әкімі*

Аудан	Әкімиятының	2003	жылғы
25	ақпандағы	"2003	жылдың
көктемгі-егіс	және	егін	жинау
жұмыстарын	жүргізуге		несие
беру	туралы"	N 14	қаулысымен
бекітілген			
1 қосымша			

**"2003 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге несие беру туралы"**  
**ЕРЕЖЕСІ**

### **1. Жалпы ереже**

1. Осы ереже мен тәртіп (бұдан әрі қарай Ереже) 2003 жылғы 11 ақпандағы облыстық Әкімияттың қабылдаған Қаулысына сәйкес, аудандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерін несиелеуге Республикалық бюджеттен бөлінген 3,0 млн. теңге қаражатын пайдалануын негізгі Ережелерін белгілейді.

2. Облыстық бюджеттен берілетін қаржы ауыл шаруашылық дақылдарының басымдылықтарын ескере отырып және олардың егіс көлемдеріне қарай, қайтару мерзімі 2003 жылдың 25 қарашасына дейінгі шартпен, Жамбыл облысы Әкімиятының 2003 жылғы 11 ақпандағы N 19 "2003 жылдың көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге несие беру туралы" Қаулысына сәйкес, 2003 жылдың көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін, ауданның ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге ресурстар бөлінеді.

3. Үстеме ақысыз (мүдде) берілетін несиелік ресурстар, жер негізгі өндіріс көзі болып табылатын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің жанар-жағармай материалдарын, тұқым, тыңайтқыш, гербицид, тұқым дәрілеуіштер, ауыл шаруашылығы машиналарына қосалқы бөлшектер сатып алу, ауыл шаруашылығы техникаларын жалға немесе сатып алу үшін жұмсалуды керек.

4. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңы негізінде әрекет етуші аудан Әкімінің ауыл шаруашылығы басқармасы, аудандық қаржы бөлімі және шаруашылық құрылымдарының басшылары үш жақты несиелік келісім жасайды.

Несиелік келісім-шартта несиенің қандай мақсатқа берілгені және несиені алу мен өтеудің шарттары мен міндеттері, оларды қайтаруды қамтамасыз ету жолдары, үш жақтың құқықтары мен міндеттері, несиелік келісім-шарт орындалмаған жағдайда қолданылатын шаралар, даулы мәселелердің шешілу тәртібі.

## **2. Жобаларды қабылдау және қарау**

5. Несие ресурстарын алуға, несие алушылар тиісті құжаттарды аудан Әкімінің ауыл шаруашылығы басқармасына тапсырады. Ал, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы несие алуға ұсынылатын ауыл шаруашылығы жобаларын Ереже талаптарына сай жинақтап аудандық комиссияның қарауына ұсынады. Несие алушылардың құжаттарына қойылатын талаптар: техника-экономикалық негіздемесі бар бизнес-жоспар, меншікке иелік құқығы туралы мемлекеттік тіркеу куәлігі мен қоса құжаттар көшірмесі, жер беру актісі мен жарғы және құрылтайшы құжат көшірмесі, соңғы жылдың балансы (заңды тұлғалар үшін), кепілге қойылатын мүлік тізбесі, салық органдарынан бюджет алдында қарыздары жоқтығы туралы, қаржы органынан бұрын берілген бюджеттік несиеден қарыздары жоқтығы туралы, сол сияқты өзіне қызмет көрсететін банктен мерзімі өткен қарызы жоқтығы туралы анықтамалар тапсыруы тиіс. Бұл жерде, бекітілген лимит бойынша несие ресурстарын алуға несие алушылар тапсыратын тиісті құжаттардың кезегінің сақталуы қатаң қадағалануы керек.

## **3. Бюджеттік несиелерді өтеу және қызмет көрсету тәртібі**

6. Бюджеттік несиелерді өтеу тәртібі және қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген ережесінің 180-186 тармақтарына сай жүзеге асырылады, бұл жағдайда:

1) несиені алушы несиені мақсатсыз пайдаланғаны үшін аудандық бюджет кірісіне мақсатсыз пайдаланылған соманы құяды, сондай-ақ мақсатсыз пайдаланылған соманың 10% мөлшерінде айыппұл төлейді.

2) несие алушы оның қайтарылу мерзімін бұзған жағдайда әрбір кешіктірілген күн үшін қарыз сомасының 0,1% мөлшерінде аудан бюджетіне айыппұл төлейді.

## **4. Бюджет несиелерін есепке алу және бақылау**

7. Бюджет несиелерін есепке алу және бақылау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген, көрсетілген Ережені 31 тарауына сай жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК